# Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым атауы:ЖШС «Бақытты бала» балабақшасы
**Топ:** «Қошақан» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3жас
Қазан айы. 03.10-07.10.2022ж 1апта

«Тексерілді»:________
Әдіскер:Ж.С.Давлеткалиева
Тәрбиешілер: Г.Ғ.Елмұратова
С. Қарымсақова

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалардан көңіл күйлерін сұрау.<br>**Өз үйіңді тап**<br>**Мақсаты:** түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. | Балаларды керемет қарсы алу.<br>**Тышқан мен мысық Ойын**<br>**Мақсаты:**Балаларды шапшаң әрі шыдамды,ұйымшылдыққа үйрету.<br>**Сөйлеуді дамыту** | Балалармен амандасу.<br>**Ұйқыдағы аю**<br><br>Бұл ойынға топ балалары 2-ге бөлініп қатысады.<br>Математика негіздері. | Балаларды керемет қарсы алу.<br>**«Ағаш және бұта»**<br>**Мақстаы:**<br>Ағаштар мен бұталардың айырмашылығын балаларға түсіндіру.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу** | Балаларды керемет қарсы алу.<br>**«Шаруа мен аю»**<br>**Мақсаты:**<br>Ертгіні тыңдауға деген қызығушылы-ғын арттыру және оның мазмұнын түсіне отырып ертегіні аяқтауға дағдыландыру<br>Сурет бойынша әңгіменің мазмұнын мәнерлеп жеткізу.<br>**Көркем** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | әдебиет |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-анаға кеңес:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Психологтың кеңесі:** Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата – аналармен әңгіме:** «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Көкөністер» Мақсаты:** Балаларға көкөністуралы, туралы түсінік беру. Көкөністерге, жалпы өсімдіктерге деген қамқорлық сезімдерін ояту. **Мүсіндеу** | **«5, 6 сандары және цифрлары» Мақсаты:** Балаларға 5-6 сандары туралы түсінік беру. Тура және кері санауға үйрету.Ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Математика негіздері** | **«Жәндіктер» Мақсаты:** Балаларға суреттер арқылы жәндіктер туралы түсінік беру. Жәндіктерді құрастыра отырып, ұсақ қол моторикасын дамыту. **Құрастыру** | **«Жаңбырлы күн» Мақсаты:** Күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру. Бұлттың, тамшының салу әдіс-тәсілдерін үйрету. **Сурет салу** | **Ертегі сахналау** «Менің Отбасым» Мақсаты: Баланың қиялын дамыту,өз ойларынан ертегі құрастыру. **Көркем әдебиет** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **ҚР әнұраны орындалады** 1,Жүру аяқтың ұшымен, өкшемен, жәй жүру, қолды белге қойып жүру, шеңбер болып жүру. 2.1 б/қ. аяқ бірге қол төмен. 1 қолды алға созу, 2 | 1.Б/қ. аяқтың арасы алшақ, қол белде. 1-оң жаққа қарай иілу, 2б/қ. оралу 3 сол жаққа қарай иілу 4б/қ. оралу. 4-5 рет қайталау. 2.Б/қ. аяқтың арасы ашық, қол иықта. 1-2 алға қолды сермеу, 3-4 артқа | 1.Б/қ. аяқтың арасы алшақ, қол белде. қолды алға созу, 2 отыру, 3тұру, 4 б/қ. оралу 4-5рет. 2.Аяқты алмастырып секіру. 7-8 секунд 3.Еркін тыныс алу жаттығулары. | 1.Б.қ аяқ иық деңгейіде, қолдары кеуде тұсында, шынтақтары бүгілген, саусақтары жұдырыққа түйілген осы күйінде қолдарын кезек-кезек | 1.Негізгі тұрыс, доп оң өолда, 1қолдарымызды екі жаққа созамыз 2қолдарымызды жоғары көтереміз, допты екінші қолға ауыстырып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оңға қарай қолды айқастыру, 3 солға қарай қолды айқастыру. 4б/қ. оралу 4-5 рет. | қарай сермеу 4-5 рет. | | айналдыру.<br>2.Аяқтары сәл ашылған, қолдары артқа өарай жіберілген.Отыр ып қолдарымен тізесін құшақтау, тұру, қолдарын артқа жіберу. | қоямыз, 3- қолдарымызды екі жаққа созамыз, 4- б.қ 4-5 рет |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау.<br><br>**Ас ішер алдында**<br>Ас ішерде күнде біз,<br>Сөйлемейміз, күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз. | Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету.<br><br>**Ұлттық құндылық «Таңғы асты тастама»**<br>**Мақсаты:** балаларға таңғы астың маңыздылығы жайлы айту, тамақты тауысып жеуге үйрету. | Жуынатын бөлмедегі тәртіп пен тазалық<br><br>**Танымдық әрекет. «Кім не жейді?» ойыны.**<br>**Мақсаты:** балалардың жануарлар туралы білімдерін толықтыру. | Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br><br>**Көркем сөз. «Тату үйдің тамағы тәтті»**<br>**Мақсаты:**балаларға тамақтану әдебі жайында түсіндіру жұмыстарын жүргізу. | Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Қимылды жаттығу:**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | мандайың. |
| **Ұйымдас-тырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Көлеңкесін тап?».**<br><br>Мақсаты:<br>Балалардың есте сақтау,көру қабілетін дамыту.Тиянақтылыққа және ұқыптыллыққа үйрету.<br>**Көркем әдебиет** | **Қимылды жаттығу:**<br>Көтеріліп шаңырақ<br>Уықтары шаншылар<br>Керегелер керіліп<br>Өрімдей боп өрілер<br>Бәріміз жүрсек айналып<br>Кигіз үй боп көрінер.<br>Шаңырақтың суретін саусақпен салу.<br>**Сурет салу, жапсыру** | «Кемпірқосақ»<br>**Мақсаты:**<br>Балаларға кемпірқосақ, туралы түсінік беру.<br>Табиғатқа деген қамқорлық сезімдерін ояту<br>**Мүсіндеу** | **«Күз» тақпақ**<br>Алтын сары қызыл көк<br>Алуан-алуан жапырақ<br>Күзгі бақта күлім деп<br>Көз тартады атырап<br>Ой, алақай тамаша!<br>Шашу шашты жапырақ.<br>**Қоршаған ортамен танысу** | **Дидактикалық ойын «Кім қайда өмір сүреді?»**<br>Мақсаты:<br>Жануарлардың мекенін табу.<br>**Сөйлеуді дамыту** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>Педагог жоспары бойынша. | **Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Меніі отбасым»<br>**Мақсаты:**<br>Туыстарына деген сезімін әнмен жеткізуге баулу.Отбасы ата-ана туралы әңгімелерін еркін жеткізуге мүмкіншілік жасау.Әнді таза дауыспен айтуға үйрету<br>**Әуенді ырғақты қимыл:** «Кеселермен би» | **Дене шынықтыру**<br>Педагог жоспары бойынша. | | **Дене шынықтыру**<br>Педагог жоспары бойынша. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | «Кең жайлау» А.Еңсепов **Музыка тыңдау:** «Жақсы көрем» Ғ.Дауылбаева | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. | Серуенге ойын құралдарын дайындау. | Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. | Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу. | Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. |
| **Серуен** | **Бақылау:** **Емдік шөптерді бақылау** **Мақсаты:** Балабақша ауласында өсетін емдік шөптер туралы білімдерін кеңейту.Табиғатты қорғау және сақтпуға деген ынталары мен іскерліктерін калыптастыру **Еңбек:** Тәрбиешімен бірге құлаған, сынған бұталарды жинау **Қимылды ойындар:** «Қасқыр қақпан» Мақсаты: | **Бақылау:** **Күз көріністерін бақылау** **Мақсаты:** Күз туралы білімдерін молайту, күз көріністерін бақылауды жалғастыру **Еңбек:** Ойын алаңын тазалау **Қимылды ойындар:** «Ормандағы соқпақтар»Мақсаты:жағдайға байланысты қозғалыстарды түрлендіру. | **Бақылау:** **Тастарды бақылау.** **Мақсаты:** Тастардың өлі табиғат мүшесі екендігі жайлы түсініктерін молайту, олардың әртүрлілігі мен пайдасыы туралы білім беру **Еңбек:** Ауладағы тастарды жинау және олардан композиция құрау. **Қимылды ойындар:** «Ұшты - ұшты» Тәрбиешіні мұқият тыңдауға үйрету | **Бақылау:** **Жапырақтар-дың түсін бақылау.** **Мақсаты:** Табиғаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту.Бақылағандарын сөйлеу тілінде қолдану қабілеттерін қалыптастыру **Еңбек:** Алаңдағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу. **Қимылды** | **Бақылау:** **Түскен жапырақтарды бақылау.** **Мақсаты:** Күз мезгілі туралы білімдерін бекіту **Еңбек:** Аула сыпырушы ағайдың еңбегіне көмектесу,жапырақтарды жинау **Қимылды ойындар:** «Орамал тастау» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, аң,арымпаздыққа тәрбиелеу | | | **ойындар:** «Түлкі мен қояндар» Жануарлар мінез-құлқын ажырата білу | әрекеттері. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.<br><br>«Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?»<br>**Мақсаты:** Біздің өлкемізде тіршілік ететін жануарларды атауға дағдыландыру. Қызыл кітап туралы түсіндіру.<br>**Қоршаған ортамен танысу** | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.<br>«Қоржынды сәндейміз»<br>**Мақсаты:** Қазақтың үй бұйымы – қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру.Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Сурет салу, жапсыру** | Достарымен ішке кіру.<br>«Менің досым»<br>**Мақсаты:** Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелеуге үйрету.<br>**Сөйлеуді дамыту** | Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.<br><br>«Күзгі орман»<br>**Мақсаты:**<br>Күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру.<br>Күзгі орман туралы түсініктерін әрі қарай толықтыру.<br>**Сөйлеуді дамыту,**<br>**Көркем әдебиет** | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.<br><br>«Түлкі мен тырна»<br>**Мақсаты:**<br>Түлкі мен Тырна туралы түсіндіру. Саусақтармен бейне жасауға үйрету.Түлкі мен Тырнаның қалай тамақ ішкенін балаларға қайталау.<br>**Көркем әдебиет** |
| **Түскі ас** | Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына | Тағамды асықпай жеу керек. | Ас ішер алдында қолыңды жуу керек. | Мақал-мәтел: Тату үйдің тамағы-тәтті. | Ыдыспен ойнамау, қолдарын сермеп тамақты шашпау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пайдасын айту,тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі | «Әлди –әлди ұйықтайғой»<br>**Сөйлеуді дамыту** | «Бесік жырын» тыңдату | «Бауырсақ» ертегісін оқып беру<br>**Көркем әдебиет** | «Жақсы жатып, жайлы тұр!» |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | ***Қайықша***<br>*Бастапқы қалып*:ішпен жату<br>1.Қол жоғарда<br>2.Дененің жоғарғы және төменгі бөлігін көтеру<br>Бастапқы қалыпқа келу<br><br>***Толқын***<br>*Бастапқы қалып*: тіземен тұру, қол белде<br>1.Оң аяқтың ұшына отыру, қол солда, бастапқы қалыпқа келу<br>2.Сол аяқтың ұшына отыру, қолды оңға бұру<br>Бастапқы қалыпқа келу<br>***Доп*** | 1.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар ( 2-3 минут)<br>Мысықтар<br>Мысықтар оң жаққа қарап ұйықтап жатыр, ұйқы сұрап мияулап жатыр көздерін жұмып мяу мяу мяу.<br>Көзімізді ашып арқаға жатып тырнағымен тырналанып жатыр.<br>Төрт аяқтап тұрып мойынымызды жоғары созып мияулаймыз мяу мяу мяу.<br>Отырып | ***Орманға саяхат***<br>***Тартылу***<br>1.*Бастапқы қалып*: арқамен жату<br>2.Қол бел тұсында<br>3.Тартылу<br>4.Бастапқы қалыпқа келу<br>***Орман тұрғыны жазда аспалы бесікте тыныш ұйықтайды (Жаңғақ)***<br>1.*Бастапқы қалып*: арқамен жату, қол белде<br>2.Дем алу, аяқ қойып отыру<br>3.Қолды аяқ ұшына тигізіп, дем шығару<br>4.Бастапқы қалыпқа келу. | Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. ( 2 минут)<br>Ашулы мысық тізеге тұрып қолымызды санымызға қою басымызды төмен қаратып арқамызды жоғары көтеру. 10 сек<br>Мейрімді мысық тізеге тұрып қолымызды санымызға қою басымызды жоғары созу, белімізді созу . | ***Жасыл инелерімен,міне шырша иілді***<br>1.*Бастапқы қалып*: аяқ иық көлемінде, қол төменде,дем алу<br>2. Еңкею,дем шығару<br>3.Бастапқы қалыпқа келу,дем алу<br>4.Еңкею,дем шығару<br>***Биік қарағай бұтақтарымен қозғалады***<br>*1*.Бастапқы қалыпқа тұру<br>2.ауаны жинаймыз.қолымыз жанымызда |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Бастапқы қалып*: аяқ бірге<br>1.Допты секірте отырып, екі аяқпен секіру<br>Бастапқы қалыпқа келу | башпайларымызды уқалаймыз, аяғымызды сипаймыз.<br>2 Майтабанның алдын алу. ( 2 минут)<br>Мысық сияқты аяқтың ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру ,жүру орнымызға қарай жүгіру.<br>Орындықта отырып оң аяғын сол аяғына қойып табандағы нүктелерге массаж жасау, аяқтарын ауыстыры табандағы нүктелерге массаж жасау, ( 3- 4 рет) | | 10 сек<br>Мысықтың құйрығы тізеге тұрып қолымызды санымызға қою оңға солға құйрық сияқты тербелу ақырын сосын жылдам.<br>Демалу жаттығулары<br>Мяууу мяууу мяуууу<br>Фррр ффррр фрррр Салқын сумен қолымызды бетімізді жуамыз | 3.Оңға қарай иілеміз,қолымыз белімізде.<br>4.Солға иіліп,ауаны шығарамыз<br>***Балалардың басында бас киім,тал құлады,бас киім жоғалды***<br>1.*Бастапқы қалып:* қолымыз басымызда,аяғымызды көтеріп,ауаны ішімізге жинаймыз,ауаны шығарып,орнымызға отырамыз |
| **Бесін ас** | Ас мәзірімен таныстыру.Бір-біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару. | Балалардың назарын тағамға аудару. | Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. | «Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету. | Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Күз мезгілі»**<br>Сап-сары боп келе жатқан ,<br>Сезді мекен күзді олар .<br>Қарлығаштар ұшып кетті,<br>Ұшып кетті тырналар.<br>**Мақсаты:**Балалардың сөздік қорларын молайтып, тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру.<br>**Сөйлеуді дамыту** | **Дидактикалық ойын: «Күзде не киеміз?»**<br>**Мақсаты:**Күз мезгіліне байланысты адамдардың киімкию үлгісін көрсете түсіндіру.<br>**Қоршаған ортамен танысу** | **Тақпақ. «Жел»**<br>**Мақсаты:**Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу.<br>Жел улейді у-у-у.<br>Құйын келіп билейді зу-зу-зу<br>Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу,<br>Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду.<br>**Көркем әдебиет** | **Қимылды ойын: «Орамал тастау».**<br>**Мақсаты:**Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшандыққа баулу.<br>**Қоршаған ортамен танысу, Сөйлеуді дамыту** | **Қимылды ойын: «Сымсыз телефон».**<br>**Мақсаты:**Зейін қойып тыңдауға үйрету. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | ***Жеке баламен жұмыс:***<br>**«Алтын күз»** тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қорын молайту. | ***Жеке баламен жұмыс:***<br>**Қимылдық ойын:** « Ақ қояным»<br>**Мақсаты:** Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру. | ***Жеке баламен жұмыс:*** :<br>**Тақпақ: «Құстар қайтып барады».**<br>**Мақсаты:**Балаларға тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету.<br>Құстарды жапсыру.<br>Қазан толы<br>Дәулет қорын қалады.<br>Заңғар көкке жол сызып, | ***Жеке баламен жұмыс:***<br>: **Мақал-мәтел.**<br>Таза болса- табиғат,<br>Аман болар – адамзат.<br>**Мақсаты:**<br>Мақал жаттату арқылы баланың сөздік қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту, | ***Жеке баламен жұмыс:***<br>**Ойын:** «Аю жүрген орманда».<br>**Мақсаты:**<br>Қимыл қозғалысын дамыту<br>Аюдың суретін салу.<br>**Сурет салу** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет** | | Құстар қайтып барады. **Жапсыру** | балалардың табиғат , денсаулық туралы түсініктерін тереңдету. **Қоршаған ортамен танысу, Сөйлеуді дамыту** | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау. | Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау. | Балалармен жеке әңгімелесу. | Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру. | Балаларды табиғатпен таныстыру. |
| **Серуен** | Қимылды ойындар: «Күн мен жаңбыр» Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да, «Терезе» (орындықтардың арқасындағы тесікке қарайды.) Тәрбиеш: «аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге | Қимылды ойындар: «Қуырмаш» Балалардың ойлау қабілетін арттыру, дүниетанымын, қызығушылығын арттыру. Ойын шарты: Бұл ойында көбіне балаларды үлкендер ойнатады, тәрбиелік мәні күшті ойын.Балалардың қолын саусақтарының ұшынан ұстап тұрып, алақан қазан қып жалғыз саусағымен қуыра бастайды.- Қуыр, қуыр, қуырмаш | Қимылды ойындар: «Кімнің тобы тез жинақталады?» Балалар ойнаушылардың саны бірдей 3-4 топқа бір қандай да болмасын түсті жалаушалар беріледі.Алаңның ең шетінен немесе бір жақ шетінен таған үстіне сондай түсті 3-4 жалаушалар қойылады.Әрбір топ қз түстеріне сай кішкене жалаушаның | Қимылды ойындар: «Секіріп жүріп допты ұстау» Балалар топтпрында сюжетті, сюжетсіз сақина кигізу ойындарын пайдалануға болады: Әр түрлі формадағы тағандардың үстіне қазықша орнатылады.Балалар қашықтығы 1,5-2,5 м жерден сақина тастайды.Ойынды | Қимылды ойындар: «Поезд» Тәрбиеші «Поезд» ойынын ойнауды ұсынады: Мен паравоз боламын, ал сендер кішкентай вагонсыңдар.Балалар бірінің соңынан бірі алданда тұрғанның киімін ұстап калоннаға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шығуға болады», - дейді.Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп орындықтардың алдына отырады.Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барыңдар серуендеңдер», - дейді, ойын қайта басталады | –Балапанға бидай шаш Сонан соң ойнатып тұрған балалардың бір-бірден саусақтарын бүгеді.<br>Бас бармақ, Балан үйрек, Ортан терек,Шылдыр шүмек Кішкенк бөбек Балалар ойынды қызыға ойнайды. | алдына калунаға тұрады.Ойнаушылар сапқа тұрған кезде тәрбиеші дабыл қағады, содан соң балалар алаңмен әртүрлі бағытта жүреді, секіреді.Тәрбиешінің берген ырғағына, темпіне байланысты қимыл өзгеріп отырады, «Орныңа тұр!» деген белгі бойынша балалар өздерінің жалауына қарай жүгіреді де (бетін жалауға қаратып) тізбектеле тұрады.Тәрбиеші қай топтың бірінші болып тұрғанын белгілейді....Ойынды 2-3 рет қайталаған соң балалар жүгіріп, секіріп жүрген сәтте тәрюиеші «тоқта!» - дейді.Осы белгі бойынша барлық ойнаушылар тоқтайды да көзін жұмады. | балалар тобымен 4-6 адаммен өткізуге болады.Балалар 3 сақинадан алып оны кезекпен лақтырып кез – келген қазықшаға кигізге тырысады.Тәрбиеші балалардың ішінен кімнің сан жағынан сақинаны көбірек лақтырғанын белгілеп алады | тұрады. «Кеттік» - дейді тәрбиеші, балалардың бәрі «шу-шу» - деп дабырлап, оның артынан жүре бастайды.Тәрбиеші пойызды бір бағытта, одан кейін екінші бағытқа жүргізеді, одан кейін жүруді баяулатады, ақырында тоқтайды да: «кідіріс» «аялдам» деп хабарлайды.Бір аз уақыттан кейін гудок беріледі де поезд қайтадан жолға аттанады. |
| **Серуеннен** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **оралу** | машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-анаға кеңес: «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз» | Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру. | Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Нұрияның ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | Ата-аналармен әңгімелесу. Балаларды қайтару. | Кеңес: «Бала мен қоғам» Ашық сабақтың болу мерзімін айтып, киімдерін дайындап қою туралы айту. |